

**Т. Ғ. Аймұханов, 3-курс**  
**Ғылыми жетекшісі: С. Ж. Тоқтабеков, әскери және арнайы тактикалық**  
**даярлық кафедрасының аға оқытушысы**  
**(ҚР ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы)**

## **ЕЛІМІЗДЕГІ ТЕРРОРИЗМ ЖӘНЕ ЭКСТРЕМИЗМ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Қазақстанда 2011 жылы бірнеше теракттар болды. Олар Қазақстанның үлкен қалаларында және облыстарында орын алды. Сондай бірнеше рет қайталанған теракттар бұрын соңды Қазақстанда болмаған. Халқымыз ондай жарылыстарды 2011 жылға дейін тек ғана теледидардан көрген болатын, ал соңғы жылдары өз көздерімен көрді.

Нақты Қазақстанда соңғы уақытта болған теракттарға тоқталып кететін болсам:

1. 2011 жылғы 24 ақпанда Ақтөбе қаласындағы түрмелердің біріндегі тексеру-бақылау пунктіне жақын жерде болған жарылыс.

2. 2011 жылғы 17 мамырда Ақтөбе қаласында жан түршігерлік оқиға болды. Ұлттық қауіпсіздік комитетінің мекемесіне өз жанын қиюшы террористпен жасалған шабуыл. Сол жарылыста үш адам жарақат алды.

3. 2011 жылғы 24 мамырда Астанада Қазақстан ұлттық қауіпсіздік комитетінің абақтысы маңында автокөлікте жарылыстан екі адамның мерт болғаны анықталды.

4. 2011 жылғы 11 шілдеде Ақтөбе облысы Кенкияқ ауданында болған атыстың нәтижесінде бір полиция қызметкері және тоғыз қарулы адамдар тобы қаза тапты.

5. 2011 жылғы 31 қазанда Атырау қаласында бір күнде екі жарылыс болды.

6. 2011 жылғы 12 қарашада Тараз қаласында джихадизм елшісі атаулы шабуылының кесірінен сегіз адам қаза тапты, олардың бесеуі құқық қорғау органдарының қызметкерлері.

Міне осындай және т. б. көптеген терактік оқиғалар болды.

Болған оқиғалар жайлы Америкалық «Стратфор» ұйымы Қазақстандағы алғашқы теракттар нашар ұйымдастырылған деп жазған. Себебі пайдаланған жарылғыш құрылғылар «кәсіпқой» жарғыштармен істелінген, бірақ қозғалысқа келтіргендер жасағандығын мамандар көрсеткен. Ол олардың нашар дайындығын көрсетеді. «Стратфор» ұйымы террористердің ол қатесін алдағы уақытта жоятындығын көрсетті. Себебі сондай террористік актілер болған басқа да Йемен және Сомали қалаларын мысалға келтіріп өткен.

Осы болған оқиғалардың бәрін Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдары ислам экстремизмімен байланыстырады. Өйткені кейінгі уақытта Әлемде «Халифат Сарбаздары» атты ұйымдасқан топ құрылған. Осы топ ғаламторға түрлі бейнежазбалар Қазақстан мемлекетінің басшыларына арнап жіберген. Кейіннен олардың кейбіреулерінің аты-жөндерін

басшылық жариялады. Бас прокуратураның айтуы бойынша аталған ұйым 2011 жылдың жазында Қазақстан Республикасының азаматтары Ринат Хабидоллаев, Орынбасар Мұнатов және Дамир Заналиевпен джихадтың дамуы мақсатында ұйымдастырылды. Қазіргі уақытта осы үш адам Ауғанстан мен Пәкістан шекараларында тығылыш, әртүрлі террорлық актілерге қатысып жүргендігін прокуратура мәлімдейді.

Қазіргі уақытта ғаламтор желісінде экстремизмге байланысты көптеген сайттар бар. Олар жастардың психологиялық әсерін тигізгендіктен, Қазақстан Республикасының үкіметі экстремистік сипаты бар жүздеген сайттарды жапқан. Астанада жариялаған, яғни террористік актілерді жасаған тұлғалар ғаламтор желісі арқылы Пәкістан, Ауғанстан, Кавказдың радикалдық топтарымен байланыс жасаған.

Терроршылардың қол сұғушылықтарынан қауіпсіздікті қамтамасыз ету субъектісі мемлекет болып табылады, ол осы санадағы өз қызметін білікті заң шығарушы, атқарушы және сот тармақтары арқылы жүзеге асырады. Бүгінгі күні ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында және терроризммен күресу келісімдеріне қол қойған халықаралық келісім-шарттар бойынша Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасының арызы бойынша Жоғары сотының шешімімен келесі халықаралық ұйымдары террористік деп танылып олардың жұмыстары Қазақстан аумағында тыйым салынған: «Аль-Каеда»; «Исламская партия Восточного Туркестана»; «Курд халық конгресі»; «Өзбекстанның исламдық қозғалысы»; «Асбат-аль-Ансар»; «Братья мусульмане»; «Галибан» қозғалысы; «Боз Гурд»; «Жамаат Моджахедов Центральной Азии»; «Лашкар-и-Тайба»; «Әлеуметтік қоғам реформалары»; «Хизб-ут-Тахрир-аль-Ислами».

Соған байланысты, біріншіден, Қазақстан Республикасының шекараларын күшейту. Себебі бізді қоршап тұрған мемлекеттерде террористік-экстремистік актілер жиі болады. Мысалға алатын болсақ Ресей Федерациясында террористік-экстремистік оқиғалар жиі болып тұрады. т. с. с. Өзбекстан және Қырғызстан мемлекеттері террористтердің Еуропаға және тікелей Қазақстан және Ресейге өтудің тиімді жолы болып табылады. Сондықтан Қазақстанның барлық аумағының шекараларына бақылауды күшейтуге тиістіміз.

Екіншіден, жастарға терроризм және экстремизмнің барлық жағымсыз жақтарын көрсете отырып, арнайы тәрбиелік жұмыстарды жиі жүргізіп отыру. Себебі біздің болашағымыз жастар болып табылады. Егер біз болашақ ұрпақты дұрыс тәрбиелесек, келешекте ондай террористік және экстремистік әрекеттердің алдын алатынымызға кәміл сенеміз.

Үшіншіден, діни бірлестіктердің құрылуына шек қою, мемлекетте тек имамдармен басқарылатын мешіттердің қызмет көрсетуін басты орынға қою, сол сияқты шіркеулердің қызметіне қадағалау жүргізілсе.

Менің ойымша осы аталған шараларды қолдану арқылы Республикамыздағы экстремизм және терроризм мәселесін түпкілікті жоюға мүмкіншілігіміз бар деп есептеймін.